

**Шахтинск қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 11 сәуірдегі № 18/07 "Шахтинск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 29/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес әкімдіктің 2022 жылғы 11 сәуірдегі №18/07 "Шахтинск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген "Шахтинск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Л.Д. Буравкоға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шахтинск қаласының әкімі*

*М. Кыдырганбеков*  
Қарағанды облысы  
Шахтинск қаласы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 маусымдағы  
№ 29/02  
қаулысына қосымша

"Шахтинск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесінің 15-тармағы келесі мазмұндағы тармақшалармен толықтырылсын:

- 30) мемлекеттік мекеменің қызметінде жобалық басқаруды жүзеге асыру;
- 31) көрме-жәрменке қызметін ұйымдастыруды жүзеге асыру.